


Фандрайзинг және пиар технологиялар

Тақырыбы: Сіз өз ұйымыңыздың танылуы үшін қандай PR әдістерді пайдаланасыз?



Авсыдыкова Қ.Ә



Пиар-технологиялар, PR-технологиялар - [ағылш. *PR, public relation* - жұртшылықпен (қоғаммен) байланыс] - хьютек-технологиялардың бір бағыты. PR деп ұйым мен қоғамның арасындағы өзара түсіністік пен өзара байланысты орнатып, тұрақтылығын сақтап отыруға, қоғамдық пікірді зерттеуге, оның даму ерекшеліктерін болжап, оған ілтипатпен жауап қайыруға, басшылыққа уақыт талабына сай болуға және ұйымның, оның қызметінің, даму бағытының жағымды бейнесін қалыптастыруға бағытталған басқарудың ерекше қызметі түсініледі.

XX ғ. ортасынан PR-технологиялар әртүрлі салаларда - саяси кампанияларды жүргізуден өз халқының арасында, халықаралық деңгейде мемлекеттің имиджін қалыптастырып, көтеруге дейінгі аралықта қолданыла бастады. PR-технологиялар әртүрлі елдермен өз құндылықтар жүйесі мен әлемдік қауымдастық саласында ықпалын (мәдени және экономикалық) арттыруда белсенді түрде қолданыла бастады.

PR-кампанияны жүргізудің стратегиясында RACE:

R (*research*) жүйесі қолданылады - міндетті қою және талдау;
A (*action*) - жалпы бағдарламаны және тұжырымдаманы жасау;
C (*communication*) - алға қойылған мақсаттарға жету жолында коммуникативті байланыстар орнату;
E (*evolution*) - кері байланысты қамтамасыз ету, нәтижелерді қорытындылау және түзетулер енгізу.



PR-технологиялардың түрлері.

Ғаламдық PR-кампаниялар жүргізу үшін сын
тезінен өткен дәстүрлі PR-технологиялар
қолданылады:

үгіт-насихат;

промоушн (promotion) - талап етілген бағытта
қоғамдық пікір қалыптастыру;

паблисити (publicity) - сәйкес БАҚ-да
жағымды ақпараттың пайда болуына жағдай
жасау, жұртшылықты хабарландыру (public
information);

медиарилейшн (media relation) - саяси іс-
әрекетті ақпараттық сүйемелдеу;

басын айналдыру (brainwashing) - әсер етудің
қарқынды түрлері;
сыбыс тарату.



Ғаламдық деңгейде әлемнің бейнесін қалыптастыруға шешуші ықпал ететін ғаламдық БАД-ты пайдалану және дамыту. е-PR-технологияларын, яғни, интернет-PR-технологияларын пайдалану: веб-сайттар, антисайттар, электронды таратылымдар, жағымсыз ақпаратты Интернет арқылы тарату, БАҚ-та аты- жөні жоқ интернет-басылымға сілтеме жасап, жалған немесе жағымсыз ақпарат тарату және т.б.



Қорытынды:

Пиар әдістерін дұрыс қолдана
білген ұйым алға қойылған
міндеттерді орындап мақсатқа
тез жетеді.